

Қазақстан Республикасының жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 19 мамыр N 715. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 наурыздағы N 2137 U952137_ Жарлығын орындау үшін, меншік қатынастарын өзгерту процестерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті мемлекеттік меншіктің бірден-бір сатушысы ретінде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіруге және мемлекеттік меншікті жекешелендіру жөніндегі қабылданған шешімдерді іс жүзіне асыруды қамтамасыз етуге уәкілдігі бар орталық мемлекеттік басқару органы болып т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен жергілікті әкімдер оған сату үшін берген республикалық және коммуналдық меншікті үлестіру бойынша құқықты жүзеге асырады деп б е л г і л е н с і н .

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне тікелей басшылықты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті алқасының оның құзырына жататын мәселелер бойынша шешімдері барлық деңгейдегі мемлекеттік басқару органдары мен меншік нысанына қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілердің орындауы үшін міндетті.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жекешелендіру қоры туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 шілдедегі N 582 P930582_ қаулысымен құрылып, таратылған Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік жекешелендіру қорының мүліктік құқы мен міндеттерінің және " Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 наурыздағы N 2137 K952137_ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітетін бөлу балансына сәйкес қайта құрылған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мүлкінің құқылық мұрагері болып табылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті бөлу балансында белгіленген мүлік үлесіне сәйкес облыстарда, Алматы және Ленинск қалаларында жекешелендіру жөніндегі аумақтық комитеттер құ р а т ы н б о л с ы н .

Жекешелендіру жөніндегі аумақтық комитеттер Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетімен біртұтас құрылымға жатады, өз қызметін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті өздеріне жүктелген өкілеттіктер шегінде және жергілікті әкімдермен өзара іс-қимыл жасай отырып ұйымдастырады.

Жекешелендіру жөніндегі аумақтық комитеттердің басшыларын Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің Төрағасы жергілікті әкімдермен келісе отырып тағайындайды.

5

Ескерту. 5-тармақ күшін жойған - ҚРМК-нің 1995.12.19. N 1800 қаулысымен. P951800_

6. Алқа мүшелерінің дербес құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

Ескерту. 6-тармақтың бірінші абзацы күшін жойған - ҚРМК-нің 1995.12.19. N 1800 қаулысымен.

7. Жекешелендіру жөніндегі аумақтық комитеттер үшін 30 жеңіл автомобиль л и м и т і б е л г і л е н с і н .

Ескерту. 7-тармақтан сөздер алынып тасталған - ҚРМК-нің 1995.12.19. N 1800 қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне мемлекеттік меншікті сату жөніндегі аукциондар мен конкурстарға қатысушылардың кепілақыларын есепке алу үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне арнаулы шот алу ұсынылсын.

9. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің орталық аппаратын және оның аумақтық комитеттерін ұстау шығындарын қаржыландыру Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінде мемлекеттік басқару органдарын ұстауға жұмсалатын қаражат есебінен жүзеге асырылады.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1995 жылы және одан кейінгі жылдары Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен аумақтық комитеттеріне олардың материалдық-техникалық базасын дамыту мен нығайту үшін бюджеттік қаражат сомаларын бөлуді көздесін.

11. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ережеге сәйкес алынған қаражатты мына шығындарды: жекешелендірілетін объектілерді сату алдындағы дайындыққа; аукциондар, тендерлер, конкурстар ұйымдастыру мен өткізуге; заңды және жеке тұлғаларды шарттық негізде сарапшылар, консультанттар ретінде тартуға жұмсалатын шығындарды қаржыландыру үшін пайдалануына рұқсат етілсін.

12. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірге қажетті шоттардың ашылуын көздесін.

13. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетін қажетті телефон, телеграф және телефакс байланысымен қамтамасыз етсін. 14. Ескерту. 14-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 1996.01.18. N 68 қаулысымен. P960068_ 15. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жекешелендіру қоры туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 9 шілдедегі N 582 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1993 ж., N 26, 326-бап) күшін жойған деп танылсын. Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 715 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы Ереже I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті (бұдан әрі - Жекешелендіру жөніндегі мемком) мемлекеттік меншіктің бірден-бір сатушысы ретінде Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіруге және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен жергілікті әкімдер сату үшін оған берген республикалық және коммуналдық меншікті үлестіру бойынша құқықтық жүзеге асыруға уәкілдігі бар орталық мемлекеттік басқару органы болып табылады.

2. Жекешелендіру жөніндегі мемком өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулыларын, Қазақстан

Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинетінің актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

Жекешелендіру жөніндегі мемкомның өз құзырына жататын мәселелер жөніндегі шешімдері барлық деңгейдегі мемлекеттік басқару органдары мен меншік нысанына қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілеріне орындау үшін міндетті болады.

3. Жекешелендіру жөніндегі мемкомға Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тікелей басшылық етеді.

4. Жекешелендіру жөніндегі мемкомның облыстарда, Алматы және Ленинск қалаларында өзінің аумақтық комитеттері болады.

Жекешелендіру жөніндегі аумақтық комитеттер Жекешелендіру жөніндегі мемкоммен біртұтас құрылымға жатады, өздерінің қызметін жекешелендіру жөніндегі мемком оларға жүктелген өкілеттіктер шегінде және жергілікті әкімдермен өзара іс-қимыл жасай отырып ұйымдастырады.

II. Жекешелендіру жөніндегі мемкомның негізгі міндеттері, функциялары мен өкілеттігі

5. Жекешелендіру жөніндегі мемкомның негізгі міндеттері: мемлекеттік меншікті жекешелендіру мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясатты белгілеу мен оны жүзеге асыру ісіне қатысу;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен жергілікті әкімдер берген акционерлік қоғамдардың мемлекеттік пайдаларының, акциялар пакеттерінің басқарылуын аталған пакеттер сатылған сәтке дейін қамтамасыз ету, олардың басқару органдарында мемлекеттік мүддесін білдіру;

жаңа меншік иелерінің сатып алу-сату шарттарының талаптарын орындауына бақылау жасауды қамтамасыз ету, бұл салада заңдылықты сақтау;

жекешелендіруден кейінгі шараларды белгілеу мен жүзеге асыруға қатысу; өз өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының мүліктік құқығы мен мүддесін қорғау болып табылады.

6. Жекешелендіру жөніндегі мемком негізгі міндеттеріне қарай: мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып мемлекеттік меншікті жекешелендіру бағдарламасын жасап, оны жүзеге асырады ;

өзінің құзырына жататын мәселелерді реттейтін заңдылық және нормативтік актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

өз құзыры шегінде барлық заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті нормативтік актілер шығарады;

мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың өзіне берілген мүлкіне, сондай-ақ

акционерлік қоғамдар мен басқа да шаруашылық серіктестіктерінің мүлкіндегі мемлекеттік үлеске осы мүлік сатылғанға дейінгі кезеңде иелік ету құқығын жүзеге асырады;

мемлекет меншігіндегі объектілерді жекешелендірудің нақтылы тәсілдері мен түрлерін белгілейді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік меншігіндегі объектілерін сатуды ұйымдастырады және соған байланысты барлық шараларды жүргізеді;

жекешелендірілетін кәсіпорындарды сатар алдында дайындық жұмысын жүргізеді, бұл мақсат үшін тәуелсіз сарапшылар мен консультанттар тартады, осы шаралар жөніндегі ведомствоаралық комиссиялардың жұмысына қатысады;

инвестициялық жекешелендіру қорларының қызметін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілеген тәртіппен лицензиялайды, осы қызметке бақылау жасауды жүзеге асырады;

жекешелендіруге жататын мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін сараптау мен оның құнын бағалау жұмысын ұйымдастырады;

қажет болған жағдайда тәуелсіз сарапшыларды, аудиторлар мен консультанттарды жекешелендіруге байланысты жұмыстар жүргізуге қатысу үшін тартады;

мемлекеттік меншік объектілерін сатудан түсетін қаражатты қолданылып жүрген заңдарға белгіленген тәртіппен алады және оны тиісті бюджеттерге аударады;

өзінің қызметі саласына қатысты мәселелер бойынша халықаралық қатынастарда Қазақстан Республикасының мүддесін көздейді.

7. Жекешелендіру жөніндегі мемкомның:

қолданылып жүрген заңдарға және ұйымдардың құрылтай құжаттарына сәйкес акционерлердің (пайшылардың) жалпы жиналыстарында акциялардың (мүлік үлесінің) мемлекеттік пакетін ұстаушы құқысын жүзеге асыруға;

алдына қойылған міндеттерді орындау үшін өз қызметіне мүдделі мемлекеттік басқару органдарымен және өзге де мемлекеттік мекемелермен келісу бойынша сол ведомстволардың мамандарын тартуға;

өз функцияларын жүзеге асыру үшін заң бойынша тиісті қызметпен шұғылдануға құқығы бар өкілдер мен делдалдарды олармен жасалатын шарттар негізінде тартуға;

қазіргі тәртіпке сәйкес мемлекеттік мүлікті, соның ішінде жекешелендірілетін кәсіпорындар акцияларының (пайлары, үлестері) пакеттерін купондар мен ақша қаражатына айырбасқа сату жөніндегі сауда-саттықты жүргізуге;

мемлекеттік меншік объектілерін сату кезінде заңды тұлғалармен және азаматтармен шарттар жасасуға;

мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру кезінде мемлекет пен жаңа

иегерлер тарапынан өзара міндеттемелердің шарттары мен сипатын белгілеуге және жекешелендіруден кейінгі кезеңде олардың орындалуын бақылауға; өз қызметін жоспарлауға, бөлінген адам саны мен еңбекақы қоры шегінде құрылым мен штат кестесін айқындауға;

Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Ережеге сәйкес сотта және төрелік сотта талапкер мен жауапкер болуға құқы бар.

III. Жекешелендіру жөніндегі мемком қызметін ұйымдастырудың негізгі мәселелері

8. Жекешелендіру жөніндегі мемкомды Төраға басқарады, оның үш орынбасары, соның ішінде бір бірінші орынбасары болады.

Төрағаның орынбасарларын Жекешелендіру жөніндегі мемком Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

9. Төрағаның орынбасарлары арасындағы міндеттерді Жекешелендіру жөніндегі мемком Төрағасы бөледі. Жекешелендіру жөніндегі комитеттің Төрағасы Жекешелендіру жөніндегі мемкомға жүктелген функциялардың орындалуы үшін дербес жауап береді, Жекешелендіру жөніндегі мемком Төрағасы орынбасары мен құрылымдық бөлімшелер басшыларының жекелеген қызмет бағыттарына басшылық етудің жауапкершілік деңгейін белгілейді.

10. Жекешелендіру жөніндегі мемкомы құрамында 9 адам бар алқа құрылады, оған Төраға, оның лауазымы бойынша орынбасарлары, Жекешелендіру жөніндегі мемкомның басшы қызметкерлері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің өкілі кіреді.

11. Жекешелендіру жөніндегі мемком алқасының дербес құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді. Мемкомның негізгі құрылымдық бөлімшесі басқарма болып табылады.

Жекешелендіру жөніндегі мемкомы орталық аппаратының штаттық кестесін Жекешелендіру жөніндегі мемкомның Төрағасы бекітеді.

12. Жекешелендіру жөніндегі аумақтық комитеттердің басшыларын жергілікті әкімдермен келісе отырып, Жекешелендіру жөніндегі мемкомы Төрағасы тағайындайды.

13. Жекешелендіру жөніндегі мемком Қазақстан Республикасының заңдары бойынша заңды тұлға болып табылады және оның жедел басқару құқығымен тиесілі оқшауланған мүлкі болады.

14. Жекешелендіру жөніндегі мемкомның орталық аппаратын және оның аумақтық комитеттерін ұстау шығындарын қаржыландыру республикалық бюджетте көзделген мемлекеттік басқару органдарын ұстауға арналған қаражат

есебінен жүзеге асырылады.

15. Жекешелендіру жөніндегі мемкомның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі болады.

Қазақстан

Республикасы

Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 мамырдағы N 715 қаулысына Қосымша

Ескерту. Қосымша күшін жойған - ҚРМК-нің 1995.12.19.
N 1800 қаулысымен. P951800_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК